



МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ

БҰЙРЫҚ

№ 94  
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 27.06.2023  
город Атырау

**Атырау облысы бойынша  
тексеру комиссиясы төрағасының  
23.12.2022 жылғы №157 бұйрығымен  
бекітілген «Атырау облысы бойынша тексеру  
комиссиясының 2023 жылға арналған  
мемлекеттік аудит объектілері тізбесіне»  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Атырау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 22 мамырдағы №441-VI шешімімен бекітілген «Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясы мемлекеттік мекемесінің Ережесіне» және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі №6-НҚ нормативтік қаулысына 1-қосымша «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының» талаптарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының 23.12.2022 жылғы №157 бұйрығымен бекітілген «Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының 2023 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілері тізбесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін (19.01.2023 жылғы №14 бұйрық, 03.02.2023 жылғы №21 бұйрық, 08.02.2023 жылғы №23 бұйрық, 13.02.2023 жылғы №26 бұйрық, 16.02.2023 жылғы №28 бұйрық, 06.06.2023 жылғы №87 бұйрық).

2. Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының 2023 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. Комиссия мүшелері осы бұйрықтан туындайтын шараларды ала отырып, орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Тексеру комиссиясының мүшесі Л.Аккажиеваның 21.06.2023 жылғы №02-01-5/565 қызметтік жазбасы, Тексеру комиссиясының мүшесі Г.Кайрошеваның 26.06.2023 жылғы №07-9/585 қызметтік жазбасы, Жоспарлау, талдау және есептілік бөлімінің басшысы А.Кайргалиеваның 26.06.2023 жылы №10-10/580 және 27.06.2023 жылғы №10-10/595 қызметтік жазбалары.

Төрағаның у.м.а.

Н.Конисов